# Ауыл шаруашылық малдарына бірдейлендіру жүргізу

**Ауыл шаруашылығы малдарын бірдейлендіру мемлекеттік маңызы бар шара. Малдарды бірдейлендіру арқылы олардың нақты есебін алу, дер кезінде мал дәрігерлік көмек көрсету, уақытында жұқпалы мал ауруларына қарсы егу, диагностикалық шаралар жүргізу жүзеге асырылады.**

**Ауыл шаруашылығын бірдейлендіру ережесі Қазақстан республикасы Үкіметінің** "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 38) тармақшасына сәйкес, сондай-ақ "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 24) тармақшасына сәйкес әзірленді және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру тәртібін айқындайды.

Осы қағидалардың 9-тармағында көрсетілген тәсілмен бірдейлендіруге Қазақстан Республикасының аумағындағы ауыл шаруашылығы жануарлары жатады.

# Ауыл шаруашылығы жануарларының төлі мынадай жасқа жеткен күнінен бастап он төрт жұмыс күнінен кешіктірмей бірдейлендіріледі:

Бұзаулар, қозылар, лақтар, боталар – туған күнінен бастап **жеті** күн өткеннен кейін;

Құлындар – **төрт айлық** жасынан бастап;



# Ауыл шаруашылығы жануарларына ветеринарлық паспорт беру тәртібі

4. Ветеринариялық паспорт деректерін кейіннен жаңарту

Жануар туралы деректер / Данные о животном:

| | |
|---|---|
| Номер ветеринарного паспорта/ Ветеринарлық паспорттың нөмірі: | KZE135883204 |
| Вид/түрі: | Крупный рогатый скот |
| Жынысы/Пол: | Самка |
| Тұқым/Порода | беспородное |
| Аты / Кличка: | |
| Жасы/Возраст: | 08.04.2008 |
| Бірдейлендіру әдісі/ Метод идентификации: | Биркование (БР) |
| Данные о родителях (если племенное животное): | |

| Ауыл шаруашылығы жануарлары тиесілі иесінің Т.А.Ә. немесе заңды тұлғаның атауы / Ф.И.О. владельца или наименование юридического лица, которому принадлежит сельскохозяйственные животные | Иесінің мекен-жайы немесе заңды тұлғаның атауы/Адрес владельца или юридического лица | Ауыл шаруашылығы жануарларының иесі ауыстырылған күн/ Дата смены владельца сельскохозяйственных животных | Ауыл шаруашылығы жануарлары иесінің ауыстырылуын растайтын мемветсанинспектордың қолы мен мөрі/Подпись и печать госветсанинспектора, подтверждающего смену владельца сельскохозяйственных животных |
|---|---|---|---|
| Ермуханов Садиман | АТЫРАУСКАЯ ОБЛАСТЬ , МАКАТСКИЙ РАЙОН , ДОССОРСКАЯ П.А. , П.ДОССОР 3-ауыл №89 | 08.04.2016 | |

М.О./М.П. (жануардың паспортын берген жергілікті атқарушы органның мөрі / печать местного исполнительного органа, выдавшего паспорт животного)

(Т.А.Ә., қолы / Ф.И.О., подпись)

# Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендірудің электрондық тәсілі

1




2




1. Жануардың орналасқан жері
2. Жануар иесі
3. Тіркеу себебі
4. Жануардың түрі
5. Бірдейлендіру тәсілі
6. Тұқымы

7. Бағыты
8. ИНЖ (жеке бірдейлендіру нөмері)
9. Енесінің сәйкестендіру нөмері
10. Жынысы
11. Туған күні

Ауыл шаруашылығы жануарына жүргізілген ветеринариялық өңдеулер және диагностикалық зерттеулер және ауыл шаруашылығы жануары туралы басқа да мәліметтер (ауыл шаруашылығы жануарларының жынысы, түсі, жасы, қосымша белгілері) дерек қорға енгізіледі.



# Жануардарды есептен шығару себептері

1. Өлген жағдайда;
2. Сойылған жағдайда;
3. Сатылған жағдайда;
4. Жоғалған жағдайда;
5. Жеке пайдалануға арналған сою;
6. Жануар иесінің қандай да бір себепке байланысты өтініші бойынша;



# Адам бруцеллезі

- ✔ Тірек қимыл, жүйке, жыныс және басқа жүйелерді зақымдайтын инфекциялық-аллергиялық зоонозды ауру.
- ✔ Аурудың жасырын кезеңі 3 аптадан бірнеше айға дейін созылуы мүмкін.
- ✔ Сырқаттың жалпы белгілеріне ұзаққа созылатын дене қызуының біршама көтерілуі, әлсіздік, жоғарғы тітіркендіргіштік, ұйқының, тәбеттің бұзылуы, жұмыс қабілетінің төмендеуі жатады.
- ✔ Адамдардың денесі, еттері және буындары ауырады.

**Ауру жануардан адамға бруцеллуз қалай жұғады?**

❖ **Бруцеллез ауруы адамдарға ауру малдармен жақын байланыста, олардан алынатын өнімді пайдаланғанда және ауа арқылы жұғады. Адамдар бруцеллезді жануарлардан жұқтырады. Бруцеллез адамнан адамға берілмейді.**







# Аурудың алдын алудың қандай жолдары бар?



- Бруцеллезге қарсы бірінші негізгі шара инфекцияның бастауын жою.
- Ауру малдарды міндетті түрде сойысқа жіберу (Шаруашылықтардағы мал басын тез арада тиімді сауықтыруға мүмкіндік береді)
- Мал өнімдері мен шикізатын залалсыздандыру;
- Сүті міндетті түрде пастерленеді немесе қайнатылады ($70^0$-та 30 минут);
- Малды арнайы жабдықталған сою орындарында ғана сою қажет. Бұл орындарды және ондағы пайдаланылатын құралдарды залалсыздандырып отыру қажет.
- Бруцеллездің алдын алу үшін жануарларды ҚР пайдлануға рұқсат етілген вакциналарымен иммундеу, жеке бас гигиенасы мен қауіпсіздік шараларын сақтау.
- Барлық мал иелері меншік түріне қарамастан ҚР Ветеренария туралы заңына сәйкес жануарларды өсіріп, күтіп баққанда ветеренариялық-санитариялық ережелерді қатаң сақтауға міндетті.